

Анықтама

Мектебіміздің 5-сынып оқушылары Ақтөбе облысының Төтенше Жағдайлар Департаментінің мамандарымен ерекше кездесу өткізді. Кездесу «Өртпен күрес – батырлықтың белгісі» тақырыбына арналды.

Қонақтар:

- Ақтөбе қаласының Төтенше Жағдайлар Басқармасының №2-ші мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің Аға өрт сөндіруші-құтқарушысы, Азаматтық қорғау сержанты Бисенғалиев Айбар Бисенғалиұлы және Қаршыға Рахат Кенжебекұлы.

Кездесу барысында оқушылар өрт сөндірушілердің күнделікті жұмысы, ерліктері және қауіпсіздік ережелері туралы көптеген сұрақтар қойды. Мамандар оқушыларға оттың қауіптілігін, ТЖ кезіндегі дұрыс әрекеттерді және батыл мамандықтың қыр-сырын түсіндірді.

Бұл кездесу балаларға өрт сөндіруші мамандығына деген құрметін арттырып, қауіпсіздік білімін тереңдетті.



<https://www.instagram.com/reel/DSFhnDVDE51/?igsh=NGgxmdFzeW1qa3d0>